



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚ КӨРКЕМ АУДАРМА ТАРИХЫНА ШОЛУ**Бескемер Акерке**Akerke_asa@mail.ru

6D020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-нші курс докторанты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Тіл мен аударма бір бүтіннің ажырамас бөліктері, кез келген тіл өмір сүретін қоғамда аудармаға деген мұқтаждық бар, сол себепті аударма мәселелері өзінің өзектілігін ешқашан жоймайды. Аударма ауқымы өте кең, бір тілден екінші тілге кез келген «сөз қолданысы» аударыла береді, яғни проза, поэзия, ғылыми мәтін, ресми іс қағаздар, тіпті жарнама мәтіндерін аударудың өзі аудармашы тарапынан ерекше жауапкершілікті, кәсіби шеберлікті қажет етеді. Осы мақаламызда біз көркем аударма мәселесін ғана бөліп қарастыруды жөн санадық, себебі аударманың басқа түрлеріне қарағанда, көркем аудармада шығармашылық белгілер лингвистикалық қырынан ғана емес, сондай-ақ мәдениет тарапынан да айрықшаланып тұрады. Шарль Батъенің айтуы бойынша көркем аударма өзіңе дейінгі аударылған еңбектерден, аудармашылардың қателік, олқылықтарынан көп мағлұмат алып, көп үйренетін бірден-бір шығармашылық әрекет болып саналады. Сондықтан да көркем аударма тарихына, ерекшеліктеріне тоқталу, яки шолу жасау алдағы көркем аударма ісін жандандыруға, биік белестерге шығаруға өзіндік әсерін берері анық. Осы орайда көркем аударманың жалпы адамзат атаулының танымдық рухани алмасуындағы орасан рөлі айқындалады, яғни көркем аударма нәтижесінде мәдениет пен өркениеттің дамуына, адам баласының эстетикалық көркемдікке қол жеткізуіне, санасының өсуіне, дүниетанымының кеңеюіне апаратын жол іспеттес.

Әр ұлттың өзіндік әдебиеті сол халықтың күллі тарихымен, даму кезеңдерімен етене байланысып жатыр, алайда кез келген халық өзінің елдік болмысын танып біле бастаған кезеңінен–ақ өзге елдің, көршілес халықтың өмір тіршілігіне деген қызығушылық танытады. Әсіресе сондағы жан дүниені байытар рухани байлық үлгілерін – көркем әдеби туындыларды іздейді. Бұл орайда ең басты кедергі – тіл мәселесі болса, адамзат тіл үйрену арқылы бір халықтың қазынасын екінші тілге аударуды да жетік меңгеріп алды. Әлем халықтарының әдебиетінің бір-бірімен байланысуында, ғылым мен әдебиет салаларында халықаралық ынтымақтастықтың дамуында аударманың маңызы зор.

Жалпы «көркем аударма» тіркесі жалпыға түсінікті, етене жақын ұғым болғанымен, көптеген тәжірибелі аудармашылардың өздері де бұл тіркеске терминологиялық анықтама беруге қиналады. Кейбір әдебиеттанушылар «аударма-түпнұсқаға негізделіп, түпнұсқаның басқа тілдегі көшірмесі» болу керек, басқаша айтқанда, аударма түпнұсқаға толық сәйкес болу керек деген пікірді алға тартады.

Ғалымдардың келесі тобы әдеби немесе көркем аударма – бір тілде жазылған әдеби туындыны екінші тілдің құралдары көмегімен оқырмандарға жеткізу және түпнұсқасының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін мейлінше нақты сақтап көрсету деп анықтайды. Бұл жерде аудармадағы ең қиын – лингвистикалық ерекшелік емес, ал түпнұсқасының көркемдік жағын дұрыс жеткізу, яғни аудармашы туындының образдық әлемін, автордың идеясын, позициясын және стилін нақты, дәл көрсете білуі.

С. Абдрахманов өзінің «Төлтума мен телтума» еңбегінде көркем аударма аударматанудағы ең бір күрделі де, күрмеулі сала екендігін атап көрсетіп, ел дамуында, оның ішінде мәдени құндылықтарымыздың еселенуіндегі, ұлттық көркем ойдың бүгінгі биігін бағамдаудағы, алдағы асуларын белгілеудегі көркем аударманың ерекше рөлін дәл айқындап көрсеткен [1, 12 б.].

Егемендігімізді алып, халықаралық қарым-қатынас ұлғайып, рухани байлығымыз молайған тұста әлемнің өркениетті елдерінен озық ойларын үйренуге талпынған тұста

аударманың, әсіресе көркем аударманың көкжиегі кеңейе түсуде. Аударма ісінің дамуы жайлы, аударма теориясы мен практикасының маңызы жайлы еңбектер қарқындап дамуда.

Қазақ-орыс, Еуропа, Америка халықтарымен әдеби байланыстарға қатысты И.Х. Ғабдировтың «Кеңес дәуіріндегі орыс-қазақ әдеби байланыстары» (1968), Ш.Қ.Сәтбаеваның «XIX мен XX бірінші жартысындағы қазақ-Еуропа әдеби байланыстары» (1971), Б.И.Дуанинаның «Неміс прозасын қазақ тіліне аударудың өзекті мәселелері» (2004), Г. Хошаеваның «Ағылшын детективтерін қазақ тіліне аудару үлгілері» (2006), Л. Дәуренбекованың «1960-1980 жылдардағы түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі» (2008), А.С.Сайфутдинованың «Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан» романының қазақ тіліне аударылуы» секілді докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Жалпы көркем шығармаларды аудару мәселелері ғылыми зерттеу еңбектердің нысаны ретінде XX ғасырдың басында көтеріле бастады десек, қазақ көркем аудармасы негізінің қалануы да аталмыш ғасырдың 20-30 жылдарына, ал кейбір деректерде елуінші жылдарға тұспа тұс келеді. Басқаша айтқанда, дәл осы кезеңде қазақ көркем аудармасының негізі қаланып, өзіндік аударма теориясы қалыптаса бастады. Бұл жайт көркем аударма ісі аса маңызды деп танылып, тіпті бүкілодақтық мәселе деңгейінде қарастырылуымен тікелей байланысты еді. КСРО Жазушылар Одағы түрлі әдеби байланыстарға қатысты сұрақтарды көпшіліктің талқысына салып, көркем аударма мәселелеріне арналған бірінші кеңес те өткізген еді. Әлем әдебиетінің үздік туындыларын жүйелі түрде аудару қазақ төл әдебиетінің шыңдануымен үндесе дамыды, яғни қаламы ұшқыр ақын, жазушылар өз шығармашылығымен қатар, орыс ғұлама классиктерінің еңбектерін қазақ халқына таныстырды (А.Байтұрсынов, І.Жансүгіров, М.Әуезов, З.Қабдолов, Ә.Нұрпейісов). Алайда сол кезеңдегі билік қоғам дамуының әр сатысына етене араласып, барынша ықпал еткендіктен, әрбір ұлттың көркем әдеби процессінің ерекшеліктерін анықтап, қай бағытта даму қажеттігі, әр шығармада қандай мәселелер арқау болатындығы жөнінде шешім жоғарыдан қабылданып отырды. Сол себепті, қазақ аударма саласында да кеңес үкіметінің мәдени идеологиялық мәні өзіндік көрінісін тапқандығын байқаймыз.

Атап айтсақ, С.Талжановтың “О некоторых основных проблемах художественного перевода” еңбегінде орыс тіліндегі көркем туындыларды қазақ тіліне аудару мәселелерін талдау нәтижесінде келесі тұжырымға келген: «Художественный перевод в исследуемый период, как и все литературное движение, развивался в русле установок системы, которые определяли целенаправленный характер протекания процесса перевода. Этот диктат проявлялся как на макроструктурном, так и на микроструктурном уровнях» [2, 16 б.].

Сондай-ақ, басқа да көптеген ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде қазақ көркем аударма процесінде приоритетті бағыт ретінде тек орыс әдебиеті таңдалғаны да анықталған. Оның ішінде сол дәуірдің саяси бағытына сәйкес деп танылған ақын, жазушылардың еңбектеріне басымдылық берілді. Соның нәтижесінде қазақ оқырманында орыс әдебиеті туралы біржақты, үзік түсінік қалыптасты. Мәселен, М. Горькийдің, В. Маяковскийдің тек қазан революциясына дейін жазған шығармалары ғана аударылып, олардың шығармашылығындағы футуристтік бағытта жазылған ойлары елеусіз қалған [3, 10 б.].

Сонымен қатар, сол кезеңге тән көркем аударманың басты мәселесі басқа тілді шығармалардың, оның ішінде араб, парсы тілінде жарық көрген мәдени құндылықтар тек орыс тіліндегі аударма нұсқасынан аудару мәжбүрлігі еді. Осы келеңсіздіктің салдарынан, көптеген аударма шығармалардың сапасы сын көтермеді. Алайда, бұл олқылықтар тәуелсіз мәртебеге ие болғаннан кейін, көптеген ғалымдардың осы салаға бет бұруының нәтижесінде қолға алынып, бір ізге түсті деп тұжырымдай аламыз.

Жалпы аударма теориясына және көркем аудармаға, түрлі халықтар арасындағы әдеби байланыстарға арналған еңбектер қатарында Қ.Жұбанов, І. Жансүгіров, М. Әуезов, З. Ахметов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Ә. Нұрпейісов, Қ. Қанафиев, С. Ахметов және т.б. әдеби саңлақтардың ой-пікірлерін ерекше айтып өту қажет. Әрқайсысы жеке дара, бір-бірінен тәуелсіз түрлі уақытта жарияланғанымен, бұл еңбектерді ұсынылған тұжырымдарының

бірсарындылығы ортақтастырады, яғни аталған авторлардың барлығы дерлік өз пікірлерінде орыс филологиясынан бастау алады, қағидалар орыс зерттеушілерінің (К. Чуковский, Г. Гачечиладзе, А. Лейтес, В. Росселье, А. Кундзич, С. Маршак) ойларымен, тұжырымдарымен ұштасып жатады. Қазақ ғылымының көршілес елдің ғылымына негізделетіндігін, тікелей байланысты екендігін ескерсек, бұл орынды да.

Қазіргі таңда қазақ әдебиеті шетел халықтарының әдеби үлгілерімен сабақтаса даму үстінде, қазақ тіліне немесе қазақ тілінен өзге тілге тәржімалау орыс тілін араға салмай-ақ жүзеге асуда. Алайда бұл орыс тілінің мәртебесі төмендеп, ысырылды деген сөз емес, керісінше заман талабы бұл байланыстарды нығайта түсуде. Бұл туралы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев: «Екінші тасқын – орыс тілді мәдениет... Бұл мәдениет славяндардың ғана емес, сонымен бірге Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың игілігі, солардың мәдени әлеуеті болып табылады. Мұны жоққа шығаруға әрекеттенгендер өзін жалпы әлемдік мәдениеттің жанды қайнарларынан бөліп тастамақ» [4].

Түпкі тамыры тереңде болғанымен, көркем аудару процесі арқылы қазақ әдебиетінің жандануы орыс әдебиеті классиктері және орыс тілі арқылы әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары аударылған тұсқа сай келгендігін мойындауымыз қажет. Алғашқыда тек газет-журнал беттерінде жарық көрген пікір, ұсыныс түрінде басталса, қазіргі таңда аударма ісінің теориясы мен тәжірибесіне байланысты, оның ішінде елеулі бөлігі көркем аудармаға арналған зерттеулер өте ауқымды екенін байқаймыз, тіпті арнасы кеңейіп, жеке дара ғылыми салаға айналды. Көркем шығармалардың шет тілдерінен аударылу мәселелерін зерттеу ісі жанамаланып, орыс тілі арқылы салғастырыла-салыстырыла зерттеу әдісіне негізделеді. Бұл зерттеулер аудармаларды бағамдауға, сапасына қатысты тұжырым жасауға, алдағы уақытта аударма теориясына қатысты құнды деректермен толықтыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, шет телді көркем туындылардың қазақ тіліндегі кәсіби аудармалары 1920 жылдан басталды. Ол шығармалардың аудармасына қатысты сипаты мен бағыттары аударматану ғылымында аса зерттелмеген. Бүгінгі таңда қазақ тіліне ағылшын тілді прозадан жүз елуге жуық әңгімелер аударылған. Олардың қатарында 1920-30 жылдарда Дж. Лондон, 1940-50 жылдары Г. Бейтс, Р.Бредбери, Б.Гарто, М.Куин, С.Моэм, К.Мэнсвилд, Дж. О.Хара, Дж. Стейнбек, М.Твен, Дж. Уейн, Дж. Торбер, С.Томпсон, Э.По, А. Кристи, А.К.Дойл, О.Генри, 1980-90 жылдары С.Томпсон, М. Куин, Дж. Голсуорси, Г.Лоусен, А. Бирс, В.Мастерсон сынды ағылшын әдебиетінің қаламгерлері бар. Жанрлық ерекшеліктеріне тоқталсақ, аудару нысаны ретінде тәржімашылар әңгімелерге көп артықшылық береді, себебі әңгіме Американдық, батыс Еуропалық әдебиеттің негізін құрайды [5, 14 б.].

Аталған туындылар арасында қазақ тіліне тікелей аударылғандары саусақпен санаулы екенін ескерсек, ағылшын-орыс-қазақ мәтіндері аясында зерттеу жүргізу жас ғалымдар үшін қашанда өзекті болып қала бермек. Бағдарын дәл белгілеп алғаннан бері ғалымдардың қаламына арқау болған мәселерді келесідей топтастыра аламыз:

- Орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аудармаға қатысты зерттеулер;
- Шет тілдерден қазақ тіліне және қазақ тілінен шет тілдерге (көбінесе жанама тіл арқылы) аудару мәселелеріне арналған зерттеулер.

Қорытындылай келе, қазақ көркем аударма мәселесі бірізділікке қол жеткізіп, өзіндік сара да, дара да жолын қалыптастырған, теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге бағытталған күрделі сала деп анықтауымыз қажет. Алайда, адамзатты біріктіріп тұру қабілетіне ие, ұлт пен ұлтты, мәдениеттерді байланыстырып тұратын көркем аударма саласы ғылымның күн тәртібінде әлі талай тың зерттеулерге жол ашары хах.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманов С. Төлтума мен телума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 464 б.
2. Талжанов, С. О некоторых основных проблемах художественного перевода (на материале перевода «Ревизора» и «Мертвых душ» Н.В.Гоголя на казахский язык: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук / С.

Талжанов: Алматы, 1961. – 32 с.

3. Райсснер Э. Восприятие и искажение (Проблема изменения текста при переводе). – Сравнительное изучение литератур. – Л., 1976. – С.500

4. Назарбаев Н. Реформаларды түбегейлендіру, жалпыұлттық келісім арқылы жаңарған Қазақстанға. – Алматы: Қазақстан. 1994. – 64 б.

5. Түсіпова Г. Ағылшын тілді жазушылар әңгімелерін қазақ тіліне аударудың ұстанымдары мен тәжірибесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008. – 112 б.

УДК 81'255

ПОВЕСТЬ ДЖ. КОНРАДА «СЕРДЦЕ ТЬМЫ»: СТИЛИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕВОДА НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Бикенова Асель Багдатовна

kushina_95@mail.ru

Магистрант 1-го курса специальности 6М020700 – «Переводческое дело»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Бейсембаева Ж.А.

Перевод – это процесс и результат передачи смысла текста с исходного языка на переводящий. Все мы знаем, что переводы делятся на разные виды в зависимости от жанровой, стилистической, тематической и языковой принадлежности. В такой же степени разнообразны и требования к переводу. В данной статье мы рассмотрим основные особенности художественного текста и его перевода, что делает их одними из самых творческих и индивидуальных видов деятельности.

Согласно одному из основателей теории перевода – Комиссарову В.Н., художественным переводом называется перевод произведений художественной литературы [1, с. 95]. Главное отличие от другого вида перевода – информативного – заключается в преобладающей эстетической функции текста художественной литературы.

По мнению переводоведа Виноградова В.С., художественный текст обладает двумя взаимосвязанными текстообразующими функциями: воздействующей и эстетической [2, с.17]. Форма, посредством которой выражается содержание, определяет эстетическую ценность произведения и уровень эмоционально-экспрессивного воздействия на читателя.

В свою очередь, художественно-эстетическое воздействие оказывается путем использования в тексте оригинала стилистических средств языка. При переводе крайне важно передать стилистическую функцию средств, не копируя дословно особенности исходного языка. Данный принцип был основополагающим при создании «Принципов художественного перевода», первого пособия по переводу на русском языке, выпущенного в 1919 году издательством «Всемирная литература», главными достижениями которой является добросовестная передача семантики и формальных особенностей текста.

Как писал основатель советской теории перевода Федоров А.В., любая переводческая задача, в нашем случае передача идеи и эстетической функции, решается только языковыми средствами. Посредством переводящего языка необходимо передать смысловую точность, выразительность исходного языка, сохранение стилистического и художественного своеобразия оригинала [3, с. 46].

Умело используя языковые средства, переводчик не должен забывать о том, что помимо нейтральных слов, существуют и семантические единицы, которые ограничены речевым жанром. Лингвист Бархударов Л.С. выделяет несколько стилистических характеристик слов: нейтральная, обиходно-разговорная, книжная, поэтическая и терминологическая [4, с. 190]. Необходимо отметить, что перевод художественной литературы отличается широким употреблением лексики, которая не принадлежит только